

**«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Басқармасының шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
2024 жылғы «10» қаңтардан бастап**

№01/24 отырыс хаттамасы

**«ЖЫЛДАМ ЖӨНДЕУ» МҮЛІКТІ ЗАЛАЛДАН ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН
ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН КЕШЕНДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ
Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру қағидаларының
№2 ҚОСЫМШАСЫ**

Алматы қ., 2024 ж.



**«ЖЫЛДАМ ЖӨНДЕУ» МҮЛІКТІ ЗАЛАЛДАН ЖӘНЕ ЖЕКЕ
 ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН
 АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН КЕШЕНДІ ЕРІКТІ
 САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сақтандыру класы:	№1 секция: Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру. №2 секция: Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік, жалдау немесе басқа да заңды негіздерде сақтандырылған мүліктің иесі болып табылатын жеке тұлға.
Сақтандырылған тұлғалар:	Сақтанушы, оның отбасы мүшелері немесе мүлікті тұрақты немесе уақытша иеленетін немесе пайдаланатын жалдаушы (қосарлы жалдаушы).
Пайда алушы:	1-секция бойынша: Сақтанушы. 2-секция бойынша: Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүлкіне зиян келтірілген меншік иесі.
Сақтандыру нысаны:	№1 секция: Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мүлікті (Үй-жайды) иеленуіне, пайдалануына, оған билік етуіне байланысты оның бүлінуіне, жойылуына немесе жоғалуына байланысты мүліктік мүдделері. №2 секция: Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген сақтандырылған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету нәтижесінде үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері.
Сақтандыру шектеулері:	Жылжымайтын мүлік бойынша: Сақтандыруға қабылданатындар: <ul style="list-style-type: none"> ✓ 1955 жылдан кеш емес салынғна жеке тұрғын үй, пәтер. Сақтандыруға қабылданбайтындар: <ul style="list-style-type: none"> ✓ тұрғын емес үй-жайға жататын, шаруашылық және басқа да жеке тұрғын үйге қатысты ғимараттарды қоспағанда; ✓ коммерциялық жылжымайтын мүлік ретінде пайдаланылатын үйлер, пәтерлер; ✓ саман/ағаш және қаңқалы-қамысты үйлер, пәтерлер; ✓ апаттық күйде деп танылған жылжымайтын мүлік; ✓ қайта жөндеуге, бұзуға немесе күрделі жөндеуге жататын үйлер, пәтерлер; ✓ сақтандыру шартын жасасқан кезде жөндеу жұмыстары жүргізілетін үйлер, пәтерлер. №1 және №2 секцияларды сақтандыру бойынша: Бағдарлама бойынша №1 секция мен №2 секцияны бірге және №1 секцияны бөлек сақтандыруға жол беріледі, №2 секцияны бөлек сақтандыруға жол берілмейді.
Сақтандыру мәні:	№1 секция: Мынадай нысандардан тұратын мүлік: 1. Сақтандырылған мүліктің ішкі және сыртқы әрлемесі (еден, төбе, қабырғалар әрлемесі, есіктер, терезелер, балкондар мен лоджиялардың әйнектелуі); коммуникациялар (желдету, ауа баптау, жылыту жүйелері, сантехникалық және инженерлік жабдық); 2. Сақтандыру жағдайы орын алған сәтте үй-жайда болған тұрмыстық заттар (тұрмыстық техника, кеңсе техникасы, жиһаз, кілем, перде, т.с.с.). №2 секция: Пайдалану нәтижесінде мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі: 1. Үй-жайдың ішкі және сыртқы әрлемесі (еден, төбе, қабырғалар әрлемесі, есіктер, терезелер, балкондар мен лоджиялардың әйнектелуі); коммуникациялар (желдету, ауа баптау және жылыту жүйелері, сантехникалық және инженерлік жабдық); 2. Сақтандыру жағдайы орын алған сәтте үй-жайда болған тұрмыстық заттар (тұрмыстық техника, кеңсе техникасы, жиһаз, жабдық, кілем, перде, т.с.с.).
Сақтандыру жағдайы:	№1 секция: Келесі оқиғалар нәтижесінде сақтандырылған мүліктің бүлінуі немесе жоғалуы (жойылуы):

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өрт – қауіп төндіретін, өрт сөндіру шараларымен келтірілген залалды қоса алғанда, материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану, түтін, жарылыс, найзағай түсуінің әсері; ✓ Дүлей апат – дауыл/боран, ауа райы жағдайларынан туындаған, Бофорт шкаласы бойынша 8 балға сәйкес келетін – желдің жылдамдығы 60 км/сағтан асатын жел күші бар ауа массаларының қозғалысы, бұршақ, су тасқыны, сел, көшкін, тау жыныстарының құлауы, су тасу, жерасты суларының шығуы; ✓ Су құбыры, кәріз және жылыту жүйелерінен су басуы; ✓ Үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, төменде көрсетілген жымқыруды қоспағанда; ✓ Бұзып кіріп ұрлық жасау, тонау, қарақшылық – бұзусыз тонау және ұрлықтың басқа түрлері, оның ішінде иемдену/жымқыру, алаяқтық сақтандырумен қамтылмайды; ✓ Басқарылатын ұшатын нысандардың құлауы. <p>№2 секция: Сақтандырылған тұлғаның, онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің еркіне тәуелсіз себептер салдарынан тұрғын үй-жайды пайдаланған кезде орын алған, Полисте көрсетілген тұрғын үй-жайға көршілес орналасқан және үшінші тұлғаларға тиесілі тұрғын, жылжымайтын мүлікке зақым келтіргені үшін Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі, нақты алғанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Өрт – қауіп төндіретін, өрт сөндіру шараларымен келтірілген залалды қоса алғанда, материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану, түтін, жарылыс, найзағай түсуінің әсері; ✓ Су құбыры, кәріз және жылыту жүйелерінен су басуы.
<p>Сақтандыру сомасы, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасынан тариф:</p>	<p>Сақтандыру сомасы Сақтандыру бағдарламасының 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.</p> <p>Сақтандыру тарифі Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен тариф санаты шегінде бекітіледі: мүлікті залалдан сақтандыру (0,01 %-10,53 %), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру (0,0084 %-51,0928 %) және Сақтандыру бағдарламасының № 1 қосымшасына сәйкес белгіленеді.</p>
<p>Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:</p>	<p>Полис жасалған күні Сақтанушы банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз біржолғы төлеммен сақтандыру сыйлықақысын төлейді.</p>
<p>Франшиза:</p>	<p>Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.</p>
<p>Сақтандыру төлемі:</p>	<p>Пайда алушыға нақты залал мөлшерінде, бірақ әрбір секция бойынша Полисте белгіленген сақтандыру сомасынан жоғары емес мөлшерде жүзеге асырылады.</p> <p>Сақтандыру төлемі амортизациялық тозуды және Полисте белгіленген франшизаны ескере отырып, тәуелсіз бағалаушының бағалауы бойынша жүргізіледі.</p> <p>Сақтандыру төлемін есептеген кезде мүліктің нақты құнына пропорция қолданылмайды.</p>
<p>Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:</p>	<p>Сақтандыру төлемі Пайда алушыға нақты залал мөлшерінде, бірақ әрбір секция бойынша Полисте белгіленген сақтандыру сомасынан жоғары емес мөлшерде жүзеге асырылады.</p> <p>№1 секция:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген нақты залалдың мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнге амортизациялық тозуды ескере отырып, Сақтандырушы ұсынған бағалаушы жасаған бағалау туралы жазбаша есеп негізінде белгіленеді. Тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебімен келіспеген жағдайда, залалға қайта бағалау жүргізуге төлемді Полистің бастамашы Тарапы жасайды. 2. Бүлінген мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болатын нарықтық бағалар негізге алына отырып есептеледі. 3. № 1 секция бойынша сақтандыру төлемі, сақтандыру жағдайы үшінші тұлғалардың кінәсінен туындаған болса, олардан залалды өтеу тәртібімен алынған сомалар шегеріле отырып жүргізіледі. 4. Егер залал шарт қойылмайтын франшиза сомасынан аспаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады. Егер зиян шарт

	<p>қойылмайтын франшизаның сомасынан асып кетсе, онда сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаған кезде зиян сомасынан франшиза шегеріледі.</p> <p>5. Сақтанушы сақтандыру жағдайынан кейін қалған мүліктен, бүлінген болса да, бас тартуға құқылы емес.</p> <p>6. Қосарланған мүліктік сақтандыру (бір сақтандыру нысанын бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру) кезінде, әрбір сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған шарт шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.</p> <p>№2 секция:</p> <p>7. Мүлік бүлінген кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) шегергендегі бүлінген мүлікті қалпына келтіру құнын есептеу негізінде белгіленеді.</p> <p>8. Бүлінген мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болатын нарықтық бағалар негізге алына отырып есептеледі.</p> <p>9. Сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген нақты залалдың мөлшері Сақтандырушы ұсынған бағалаушы жасаған бағалау туралы жазбаша есеп негізінде белгіленеді. Тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебімен келіспеген жағдайда, залалға қайта бағалау жүргізуге төлемді Полистің бастамашы Тарапы жасайды.</p> <p>10. Егер залал сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі Полисте белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жасалады.</p> <p>11. Сақтандыру жағдайы екі немесе одан да көп жәбірленушіге зиян келтірсе, онда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген зиянның дәрежесіне пропорционалды, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.</p>
<p>Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажет құжаттардың тізімі</p>	<p>№1 секция:</p> <p>1. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға сақтандырылған мүліктің бүліну немесе жойылу тәуекелі бойынша мынадай құжаттарды беруге міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш; 2) осы Полистің көшірмесі немесе, ол жоғалған жағдайда, оның телнұсқасы; 3) сақтандырылған жылжымайтын мүлікті иелену құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері; 4) бағалаушы мүлікке келтірілген залалдың сомасын айқындау бойынша жүргізген бағалау туралы есеп, бұл ретте бағалауды жүргізу шығыстары Сақтанушыға/Пайда алушыға жүктеледі; 5) оқиғаның фотосуреттері мен бейнелері; 6) бүлінген жылжымалы мүліктің құнын растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болса); 7) аударуға арналған деректемелерді көрсете отырып, Пайда алушы берген Сақтандыру төлемі туралы талап; 8) құзыретті органдардың оқиға орын алғанын растайтын тиісті құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалар куәландырған көшірмелері; <p>✓ су құбыры, кәріз және жылыту жүйелерінен су басуы болған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқиға орнын тексерудің барлық қатысушылары жасаған және қол қойған МИБ немесе басқа уәкілетті ұйымның актісі; <p>✓ өрт, жарылыс орын алған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өрт туралы акт; 2) өрт-техникалық сараптама актісі; 3) өрт/жарылыс фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, оқиға орнын тексеру хаттамасы, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, қылмыстық іс

бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы және/немесе айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы;

4) іс бойынша түпкілікті шешім болып табылатын заңды күшіне енген іс жүргізу құжаты (Қазақстан Республикасының соты шығарған сот актісі) (бар болғанда).

✓ **табиғи сипаттағы дүлей күшті апаттар, оның ішінде найзағай түскен кезде, сондай-ақ басқарылатын ұшатын нысандар, олардың бөліктері немесе осы нысандарда тасымалданатын жүк соқтығысқан немесе құлаған кезде:**

1) Қазгидрометтің аумақтық қызметтері, ТЖ бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар және оқиға фактісі бойынша тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілетті өзге де мемлекеттік органдар жасайтын актілер, қорытындылар, құжаттар.

✓ **бұзып кіріп ұрлық жасау, тонау, қарақшылық, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері орын алған кезде:**

1) оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз;

2) оқиға орнын тексеру хаттамасы;

3) қылмыстық іс қозғау (әкімшілік іс жүргізу) туралы қаулы;

4) іс бойынша жәбірленуші деп тану туралы қаулы;

5) күдікті, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы (бар болса);

6) істің нәтижесін анықтайтын іс жүргізу құжаты: бас тарту, тоқтата тұру немесе айыптау туралы қаулы, заңды күшіне енген сот үкімі.

2. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқада немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы тиіс.

3. Өтініш берілген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы ұсынылған құжаттар туралы анықтаманы/ұсынылмаған құжаттар туралы хабарламаны беру жолымен ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, рәсімдейді. Сақтандырушының шешімі бойынша құжаттар тізімі мен санын қысқартуға болады

4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап еткен кезде Сақтанушы / Пайда алушы мыналарды құжат жүзінде дәлелдеуге міндетті:

✓ сақтандыру жағдайының басталу фактісі;

✓ залал мөлшері;

5. Құжаттарды жинау және ұсыну міндеті, сондай-ақ келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу бойынша шығыстар Сақтанушыға/Пайда алушыға жүктеледі.

6. Сақтанушы немесе Пайда алушы болып саналатын өзге тұлға Полисте көзделген құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 10 (он) жұмыс күні ішінде оларға жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

№2 секция:

1. Сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы/ Пайда алушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жәбірленушілердің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде зиян келтірілген мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) бағалаушы мүлікке келтірілген залалдың сомасын айқындау бойынша жүргізген бағалау туралы есеп, бұл ретте бағалауды жүргізу шығыстары Сақтанушыға/Пайда алушыға жүктеледі;

4) аударуға арналған деректемелерді көрсете отырып, Пайда алушы берген Сақтандыру төлемі туралы талап;

5) сақтандыру жағдайы орын алғанын, келтірілген залалды растайтын, залал келтіруге кінәлі тұлғаларды анықтайтын құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалар куәландырған көшірмелері (ішкі істер органдарының, прокуратураның, тергеу, тергеу алды, сот органдарының, т.б. құжаттары);

6) заңды күшіне енген дау сот тәртібімен шешілетін болса, сот шешімі;

✓ **су құбыры, кәріз және жылыту жүйелерінен су басуы болған кезде:**

1) оқиға орнын тексерудің барлық қатысушылары жасаған және қол қойған МИБ немесе басқа уәкілетті ұйымның актісі;

✓ **өрт, жарылыс орын алған кезде:**

1) өрт туралы акт;

	<p>2) өрт-техникалық сараптама актісі;</p> <p>3) өрт/жарылыс фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, оқиға орнын тексеру хаттамасы, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулы және/немесе айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы;</p> <p>4) іс бойынша түпкілікті шешім болып табылатын заңды күшіне енген іс жүргізу құжаты (Қазақстан Республикасының соты шығарған сот актісі) (бар болғанда).</p> <p>Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға құқылы.</p>
Сақтандыру агенті / брокері туралы ақпарат:	Бағдарламада Полистерді «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.
Сақтандыру аумағы:	Қазақстан Республикасы, мүліктің орналасқан жері (нақты мекенжайы көрсетіледі).
Полистің қолданылу мерзімі:	Полис сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі 3-күннен бастап күшіне енеді және таңдалған мерзімге (1 ай, 3 ай, 6 ай, 12 ай) байланысты немесе бірінші сақтандыру жағдайына дейін, қайсысы бірінші келгеніне байланысты қолданыста болады.
Полисті жасасу формасы:	Полис қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.
Өтініш-сауалнаманы жасасу формасы:	Өтініш-сауалнама оны қағаз жеткізгіште ресімдеу арқылы немесе Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы толтырылуы, қалыптастырылуы және берілуі мүмкін.
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:	Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Қосымша талаптар:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Осы Сақтандыру бағдарламасында қамтылмағанның бәрін Мүлікті залалдан сақтандыру қағидаларымен және Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру қағидаларымен реттеледі. 2. Сақтандыру бағдарламасы жарнамалық және маркетингтік мақсаттар үшін осы шарттар аясында сақтандыру өнімінің атауын өзгертуді көздейді. Мүлік сақтандыруға қараусыз қабылданады. 3. Сақтанушының бастамасы бойынша Полисті мерзімінен бұрын бұзу Сақтанушының жазбаша өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. 4. Сақтанушыға қайтарылуы тиіс сыйлықақының бөлігі Сақтандырушыға Полисті бұзу туралы өтініш берген күннен бастап есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Полисті бұзу себебін растайтын барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. 5. Полис жасалғаннан кейін 14 күн ішінде жеке тұлға-Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылатын жағдайда, Сақтандырушыға Полисті мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 %-ын шегеріп, сақтандырудың мерзімі аяқталмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін жеке тұлға-Сақтанушыға қайтарады. 6. 5-тармақты қоспағанда, Шарт жасалғаннан кейін 15 және одан көп күн ішінде Сақтанушы бастамасы бойынша бұзылатын болса, Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті берген күннен бастап, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының аяқталмаған сақтандыру мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 50% шегерілген бөлігін және сақтандырушы төмендегідей формула бойынша ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысын қайтарады: $ССБ = СС * n/N/2$, мұндағы: ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); n - сақтандыру шартының күшке енген күнінен бастап жүгінген күнді қоса алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылған күнге дейінгі мерзім (күнмен); N - сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен). 7. Сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін және Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы өтініш бергеннен кейін шартты бұзуға болмайды.

«BASEL» сақтандыру компаниясы АҚ

Жеке тұлғаларға арналған «ЖЫЛДАМ ЖӨНДЕУ» мүлікті залалдан және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен ерікті түрде сақтандыру бағдарламасы